

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ



ТҮЛЕК МОДЕЛІ
7М05247-Экология білім беру бағдарламасы

Қызылорда, 2023 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

1. БББ сипаттамасы
2. Білім беру бағдарламасының түлегі моделін қалыптастырудағы құрамдас бөліктер
 - 2.1. Білім беру бағдарламасының мақсаттары
 - 2.2. Білім беру бағдарламасының міндеттері
 - 2.3. Жалпы және кәсіби құзыреттер
 - 2.4. Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін қалыптастырылатын құзыреттермен байланысты руматрицасы
 - 2.5. Маманның жеке қасиеттері

КІРІСПЕ

Түлектің құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын іске асырудың сөзсіз шарты және қазіргі еңбек нарығының талабы болып табылады. Стейкхолдерлер мен барлық мүдделі тұлғалардың сұраныстарын жауап беретін ЖОО түлегінің заманауи моделін қалыптастыру Қорқыт Ата атындағы ҚОУ нің басты стратегиялық мақсаты болып табылады және кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қамтитын білім беру процесі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі. Университет еңбек нарығында сұранысқа ие бакалавр – түлекті даярлау сапасын қамтамасыз ету үшін мақсатты кадр саясатын және университеттің материалдық техникалық базасын жоспарлы жақсартуды жүргізеді.

1 БББ СИПАТТАМАСЫ

Экологиялық бағдарламалар мен әдістемелерге сәйкес білім беру жұмыстарын жүргізеді. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін, табиғатты қорғау дағдыларын және оларды практикада қолдану дайындығын қалыптастырады. Экология бойынша жұмыс оқу жоспарларын және ғылыми-әдістемелік материалдарды әзірлейді, олардың мемлекеттік стандарттарға (МЖББС) сәйкестігін қамтамасыз етеді. Студенттердің табиғатты қорғау шараларына қатысуын, экологиялық экспедициялар мен жобалардың жұмысын ұйымдастырады. Білім алушылардың экологиялық инновацияларға, «жасыл» технологиялар мен өнертапқыштық қызметке деген ұмтылысын дамытады. Экологиялық зертханаларды заманауи аспаптармен, мониторинг құралдарымен және көрнекі құралдармен жабдықтауды ұйымдастырады. Стационарлық және портативті экологиялық құрылғыларды баптауды және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Далалық және зертханалық зерттеулер кезінде қауіпсіздік техникасы мен экологиялық нормалардың сақталуына жауап береді.

2.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҮЛЕГІ МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕР

Білім беру бағдарламасы түлегінің моделін қалыптастырудың негізгі ікомпоненттері білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіптік қызметтің объектілері, түрлері мен бағыттары туралы ақпаратты, дескрипторларды қосаалғанда, маманның құзыреттілік моделін (1- қосымша), білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттердің түрін, білім беру бағдарламасының нәтижелерін қамтиды.

2.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

7M05247 – Экология білім беру бағдарламасының мақсаты - қоршаған ортаны қорғау және қоғамның тұрақты дамуы саласындағы аймақтық, ұлттық және әлемдік деңгейде заманауи ғылыми және тәжірибелік мәселелерді тұжырымдауға және шешуге қабілетті ғылыми мәдениет деңгейі жоғары мамандарды даярлау.

2.2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

- Елдің инновациялық экономикасының міндеттеріне сәйкес келетін білікті кадрларды даярлау;
- Ғылым мен инновацияны дамыту, жаңа идеяларды қалыптастыруға жастарды тарту үшін жағдай жасау;
- Жалпы ұлттық бірлікті, ұлттық мәдениетті және үйлесімді тұлғаны дамытуға қосқан үлесін арттыру
- Кәсіпкерлік дағдыларды, көшбасшылық және басқару қасиеттерін - отансүйгіштік,

Қазақстан Республикасы халқының достығы, толеранттылық рухында тәрбиелеу

2.3 ЖАЛПЫ ЖӘНЕ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТЕР

ЖҚ1

Ғылым тарихы мен философия қоғам өмірінің әлеуметтік-мәдени дамуын, мәдени өзіндік болмысты ашу және табудың мүмкін стратегиялары мен тәсілдерін, әлемнің практикалық және рухани дамуының нәтижелерін жалпылайды.

ЖҚ2

Білім алушы орфографиялық, лексикалық және грамматикалық тұрғыдағы құзіреттіліктерге ие болады

ЖҚ3

Білім беру жүйесінің ролі, оқытудың мақсаты, мазмұны, әдістері, принциптері, мектеп дидактикасы, оқыту формалары, кредиттік технология жүйесі, мектептегі тәрбие жұмысының ерекшеліктері, оқытушы мәдениетінің негізі жайлы білімі қалыптасады, баланың әртүрлі даму сатысындағы ақпараттармен танысып, оның педагогикалық ерекшеліктерін талдау; оқытушының жеке тұлғасына қойылатын талаптарды меңгерту дағдысы қалыптасады.

ЖҚ4

Жоғарғы мектеп психологиясында әлеуметтік ортада қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктерін талдау дағдысы дамиды, тұлға дамуы туралы психологиялық білімдер негізін, адам психикасының даму заңдылықтары мен механизмдері туралы білім қалыптастырады

КҚ1

Магистранттардың даму перспективалары саласындағы білімдерін және табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың әлемдік және отандық тәжірибесін қалыптастырады.

КҚ2

Магистранттардың көрсеткіштері туралы білімдерін қалыптастыру; әлеуметтік-экологиялық факторлардың адам денсаулығына әсерінің сапасын және олардың нормалануын, сапаның әсерін сипаттайтын, сапасын қамтамасыз ету құралдары.

КҚ3

Магистранттардың даму перспективалары саласындағы білімдерін және экологиялық құқық және басқаруды игерудің әлемдік және отандық тәжірибесін қалыптастырады.

КҚ4

Жоғары оқу орындарында педагогикалық қызметті жүзеге асыру, білім беру процесін жобалау және инновациялық білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқу сабақтарының жекелеген түрлерін өткізу қабілетін қалыптастыру.

КҚ5

Магистранттардың даму перспективалары саласындағы білімдерін және Қоршаған орта және биологиялық көп түрлілікті сақтаудың әлемдік және отандық тәжірибесін қалыптастырады.

КҚ6

Магистранттардың қазіргі кезеңнің экологиялық проблемалары бойынша қажетті білім алуы, нормаланған сапада, біліктілігі жоғары маман даярлайды.

КҚ7

Өзекті ғылыми проблеманы зерттеуде тәжірибе алу, оқыту процесінде алған кәсіби білімін кеңейту және дербес ғылыми жұмысты жүргізудің практикалық дағдыларын қалыптастыру. Тәжірибе экономикалық білімді зерттеу, талдау және қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

КҚ8

Жоғары оқу орындарында білім алушыларна ғылыми зерттеу нәтижелерін визуализациялау және түсінікті түрде ұсыну, экологтар, IT-мамандар және мемлекеттік органдармен бірлесіп

жұмыс жүргізу; экологиялық шешімдер қабылдау процесінде сараптамалық пікір білдіру қабілетін қалыптастыру.

КҚ9

Магистранттардың көрсеткіштері туралы білімдерін қалыптастыру; Қоршаған ортаға физика-химиялық мониторинг жасалатын құрал-жабдықтар сапасын және олардың нормалануын, сапаның әсерін сипаттайтын құралдары

КҚ10

Магистранттардың көрсеткіштері туралы білімдерін қалыптастыру;,,

Қоршаған ортаның агроценоз экологиясына мониторинг жасалатын құрал-жабдықтар сапасын және олардың нормалануын, сапаның әсерін сипаттайтын құралдары.

КҚ11

Магистранттардың қазіргі кезеңнің экологиялық проблемалары бойынша қажетті білім алуы, нормаланған сапада, біліктілігі жоғары маман даярлайды.

КҚ12

Осы пәнді оқу барысында магистрант мынадай құзыреттердің бір бөлігін кеңейтеді және тереңдетеді: әртүрлі техникалық және экологиялық талаптарды сақтай отырып, техникалық тапсырмаға және нормативтік-техникалық құжаттамаға сәйкес кәсіби қызмет объектілерін жобалауға қатысу қабілетінің болуы және жобалық шешімдердің негіздемесін жүргізу қабілетінің болуы.

КҚ13

Ғылыми зерттеулер мен өнертапқыштық шығармашылық саласында магистранттарды теориялық және практикалық даярлау. Ғылыми міндеттерді шешу әдістері, теориялық және эксперименттік зерттеулер әдіснамасы; Өлшеу нәтижелерін өңдеу және қателікті бағалау; Ғылыми зерттеу тұжырымдарын тұжырымдау; Ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша есеп, баяндама немесе мақала жасау; Ұсынылатын өнертабыстарға өтінімдерді ресімдеу; Эксперименттік зерттеулер деректері бойынша эмпирикалық тәуелділіктерді шығару; Ғылыми-зерттеу қызметін жоспарлау және басқару.

2.4 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛАТЫН ҚҰЗЫРЕТТЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ МАТРИЦАСЫ

Құзыреттілік	ОЖН1	ОЖН2	ОЖН3	ОЖН4
ЖҚ1	+			
ЖҚ2	+			
ЖҚ3	+			
ЖҚ4	+			
КҚ1		+		
КҚ2		+		
КҚ 3		+		
КҚ 4				+
КҚ5		+		
КҚ6		+		
КҚ 7		+		
КҚ 8			+	+
КҚ 9				+
КҚ 10		+		
КҚ 11				+
КҚ 12		+		
КҚ 13				+
КҚ 14				+

2.5. МАМАННЫҢ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ

табандылық

жауапкершілік

инициативтілік

байланысқа бейімділік

әдептілік
принциптілік
шыншылдық
өзін-өзі бақылау
стресске төзімділік
сыпайылық
шыдамдылық
ынта

ҚОРЫТЫНДЫ

Түлектің бұл моделі құзыреттілік тәсіл технологиясын іске асырудың әдіснамалық негізі болып табылады. Сондай-ақ, түлектің осы құзыреттіліктерін қалыптастыру белгілі бір жолмен ұйымдастырылған және жүзеге асырылған оқу процесінің арқасында қамтамасыз етілетінін түсіну маңызды. Нарықтық жағдайда ЖОО лар түлектердің сапасына көбірек көңіл бөле бастайды: түлек – бұл еңбек нарығына түсетін университеттік білім берудің нәтижесі. Және ол бәсекеге қабілетті болуы керек. Нарықта сұранысқа ие түлектерді дайындау үшін оның кешенді портретін, сипаттамалардың белгілі бір матрицасын қалыптастыру қажет. Жұмыс берушілерге қажетті түлектердің негізгі артықшылықтарын, сипаттамаларын, құзыреттерін түсінуден бастап тиімді заманауи университетті құруға көшуге болады: білім беру бағдарламаларын қалыптастыру, инфрақұрылым құру, оқытудың жаңа форматтарын қолдану.